«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ 8D10102 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатиямен ауыратын пациенттерді емдеудегі фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық зерттеулер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысты орындаған PhD докторант Даданбекова Дана Буркитбековнаға ғылыми кеңесшісі, PhD, қауымдастырылған профессор Жакипбеков Кайрат Сапархановичтың

ПІКІРІ

Даданбекова Дана Буркитбековнаның диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі заманғы медицинаның өзекті мәселелерінің бірін қамтиды. COVID-19 инфекциясының ұзақ мерзімді салдары ретінде жүрек-қантамыр жүйесінде кездесетін асқынулар, соның ішінде кардиомиопатия жағдайларының артуы бұл зерттеудің маңыздылығын айқындайды.

Ізденуші Даданбекова Д.Б. диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында ғылыми жұмыстың барлық кезеңдеріне белсенді түрде қатысып, зерттеу тақырыбы бойынша маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Ол COVID-19-дан кейінгі кардиомиопатия мәселесіне қатысты заманауи ғылыми әдебиеттерге терең талдау жасап, зерттеу бағытын ғылыми тұрғыдан дұрыс негіздей алды. Докторант зерттеу дизайнын әзірлеуге, клиникалық деректерді жинақтауға және оларды статистикалық өңдеуге тікелей атсалысты. Сонымен қатар, фармакотерапиялық тәсілдердің тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау барысында алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан саралап, дәлелді қорытындылар жасады. Диссертациялық жұмыстың ерекшелігі бұл фармакоэкономикалық талдаудың терең жүргізілуі. Докторант емдеу барысында қолданылатын дәрілік терапиялардың экономикалық тиімділігін бағалап, медициналық шығындарды оңтайландыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеген.

Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында Дана Буркитбековна өзін тәртіпті, мақсатқа ұмтылатын және ұйымдастырушылық қабілеті жоғары жас ғалым ретінде көрсетті. Әріптестерімен және ғылыми ортада кәсіби қарым-қатынас орната біледі, ғылыми пікірталастарға белсенді қатысып, өз ойын нақты әрі дәлелді жеткізе алады. Докторанттың кәсіби деңгейінің

жоғары болуы оның болашақта білікті ғалым және тәжірибелі маман ретінде қалыптасуына толық негіз болады.

Қорытындылай келгенде, ізденуші Даданбекова Дана Буркитбековна диссертациялық жұмысты орындау барысында өзін білімді, жауапты және жоғары деңгейде дайындалған маман ретінде көрсетті және бұл оны 8D10102 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге лайықты етеді.

Ғылыми кеңесші,
PhD, қауымд. профессор _____ Жакипбеков К.С.

«28» 01 2026 ж.